

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 желтоқсанда № 5734 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 - бабының 2 - тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2019 жылғы 15 қарашадағы № 10-11/143 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің Жарқайың ауылы аумағынан ірі мүйізді қара мал бруцеллез ауруының ошағын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 17 шілдедегі № 4 (2019 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5475 болып тіркелді) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімінің  
міндетін атқарушысы*

*М.Қыдыбеков*